

ОТКРЫТИЕ ДВИЖЕНИЯ ПО ВТОРОМУ ПУТИ БЕСКОЛЬ – ДОСТЫК ПОЗВОЛИТ ПОВЫСИТЬ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ УЧАСТКА, УЛУЧШИТЬ УСЛОВИЯ ДЛ

КАЛТАЙ САМБЕТОВ, ветеран железнодорожного транспорта, Почетный железнодорожник



№20 (3059)
18/03/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ПРИНЯЛИ РЯД ОСНОВОПОЛАГАЮЩИХ ДОКУМЕНТОВ

В Москве состоялась встреча министра транспорта Республики Казахстан Марата Карабаева с министром транспорта Российской Федерации Романом Старовойтом и министром энергетики Российской Федерации Сергеем Цивилевым. В переговорах также приняли участие руководители АО «НК «ҚТЖ» и ОАО «РЖД».

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Стороны обсудили вопросы двустороннего сотрудничества в сфере транспортных перевозок, включая развитие маршрута Север – Юг и транзит российского угля в Китай через территорию Казахстана.

В преддверии этой встречи железнодорожники двух стран провели ряд совещаний, в том числе с участием угольных компаний России. В ходе обсуждений была выражена высокая заинтересованность в перевозках через Казахстан, поскольку этот маршрут является востребованной и перспективной альтернативой.

В рамках встречи были рассмотрены перспективы укрепления партнерства, повышения эффективности перевозок и развития транспортно-логистической инфраструктуры между двумя странами.

Кроме того, в Москве в эти дни состоялось первое Совещание руководителей железных дорог государств – членов ЕАЭС, по итогам которого создан инструмент взаимодействия (СРЖД), направленный на углубление интеграционных процессов в сфере железнодорожного транспорта.

Руководители железнодорожных администраций Армении, Беларуси, России, Казахстана и Кыргызстана приняли ряд основополагающих документов функционирования СРЖД, осуществлен обмен мнениями по текущей работе и принят совместный план работы на 2025-2026 годы.

Помимо этого, АО «НК «Қазақстан темір жолы» провело двустороннюю встречу с ОАО «Российские железные



дороги», в ходе которой подведены итоги работы 2024 года. В частности, отмечено увеличение транзита контейнерных перевозок за пять лет из РФ в КНР в восемь

раз, из КНР в РФ – в 27 раз. Также намечены планы на текущий год. Стороны договорились о развитии транзитных маршрутов Китай – Европа, Север – Юг, подписали План

мероприятий по повышению эффективности работы межгосударственных стыковых пунктов на 2025 год.

Фото предоставлено пресс-службой АО «НК «ҚТЖ»

ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА



Биыл Қарағанды-Сұрыптау станциясын жаңғырту бойынша жұмыс басталады. Ол станциялардың өңдеу қуатын арттыру үшін өткен жылы бекітілген Сұрыптау жүйелерін дамыту бағдарламасы аясында жүзеге асырылмақ.

Сондай-ақ өткен жылы электрмен жабдықтауды дамытудың 2029 жылға дейінгі бағдарламасы бекітілді. Онда 2025 жылдан бастап іске асырыла бастайтын тартымдық қосалқы стансаларды жаңғырту мен әуе байланыс желілері және пайдалану мерзімі өтіп кеткен электрмен жабдықтау құрылғыларын күрделі жөндеуден өткізу қарастырылған.

Сонымен қатар биыл Қызылжар – Сексеуіл, Қандыағаш – Тобыл, Никелтау – Әлімбет және Аксу-1 – Дегелең – Жаңасемей, Шалқар – Бейнеу тәлімдерінде автоблантау, ал Бейнеу – Маңғыстау тәлімін жаңғырту жоспарланған. Бұдан бөлек, Алтынкөл – Жетіген теміржол тәлімі 12 жыл бойы пайдалану барысында тәулігіне 18 жұп пойыз қабылдауына байланысты, өзінің өткізу қабілетінің қорын толық пайдаланып болды, сол себептен оны жаңғырту туралы шешім қабылданып отыр. Бұл жобалардың жүзеге асырылуы тәлімнің өткізу қабілетін тәулігіне 30 жұп пойызға дейін арттырып қана қоймай, Қазақстанның транзиттік-көлік әлеуетін де көтере түспек.

Сала мамандарының сөзіне сүйенсек, магистраль инфрақұрылымының өткізу қабілетін тежеп отырған негізгі фактордың бірі, станциялардың өткізу қабілеті мен қабылдап-жөнелту жолдарының пайдалы ұзындығы болып отыр. Егер қазіргі тартқыш түрлері мен контейнерлік пойыздар үлесінің ұлғаюымен пойыздардың салмағы мен құрамдар ұзындығының артқанын ескерсек, онда станция шаруашылығының бұрынғы күйде қалып, ұзынқұрамды пойыздарды өткізуге қабілетсіз болып отырғанын айта кеткен жөн. Бұл көрсеткіш жалпы алғанда станциялар мен разъездердің 59% тән жағдай. Сондықтан 2029 жылға дейін 200-ге жуық станса мен жекелеген пункттерді, соның ішінде биыл 31-ші станцияны дамыту жоспарлануда. Жеке пункттерді дамыту қазіргі өзінде типтік жобалар бойынша жүзеге асырылуда, бұл жобалық шешімдерді дайындау уақытын 6 айға дейін қысқартып отыр.

Сұлғұл БАКЕСОВА

СРЕДНЕСРОЧНЫЙ ОБЗОР



Транспортную стратегию Центрально-Азиатского регионального экономического сотрудничества (ЦАРЕС) до 2030 года обсудили эксперты транспортной отрасли Казахстана.

В мероприятии, организованном совместно с Министерством транспорта РК и Азиатским банком развития (АБР), приняли участие представители СТК «Kazlogistics».

Транспортная стратегия ЦАРЕС до 2030 года, утвержденная в 2018 году, определяет направления инвестиций в транспортную инфраструктуру и услуги для улучшения региональной связанности и экономической интеграции между странами Центральной Азии и соседними государствами. В программе участвуют 11 стран: Азербайджан, Афганистан, Грузия, Казахстан, Кыргызстан, Монголия, Пакистан, Китай, Таджикистан, Туркменистан и Узбекистан.

Среднесрочный обзор, проведенный в рамках мероприятия, был направлен на оценку достигнутого прогресса, выявление ключевых проблем и корректировку стратегии для обеспечения ее актуальности и эффективности.

Так, участники обсудили подходы к развитию железнодорожных сетей. Включая внедрение инновационных технологий и новых приоритетов, таких как декарбонизация, цифровизация и «умная» мобильность. Рассмотрели возможности поддержки транспортных операций АБР до 2030 года, способной оказать трансформационное воздействие на транспортный сектор Казахстана и способствовать устойчивому развитию в Азиатско-Тихоокеанском регионе. Кроме того, обсудили вопросы обмена знаниями и сотрудничества.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА



Андрей ШАПОВАЛОВ,
Жылжымалы құрам және механикаландыру департаментінің директоры

«ДУОМАТ, УНИМАТ, ДЕСЕК, АТЛАС, ПРСМ СІЯҚТЫ АУЫР МАШИНАЛАРЫ ЖАЗҒЫ ЖОЛ ЖҰМЫСТАРЫНДА АҒЫМДЫҚ КҮТІМ ЖАСАУҒА ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫЛДЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ. БҮЛ ТЕХНИКАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, БИЫЛ ДА 1400 КМ АСТАМ ЖОЛДЫ САУЫҚТЫРЫП, ЖӨНДЕУ ТҮРЛЕРІН ЖҮРГІЗУ ҚАРАСТЫРЫЛЫП ОТЫР. БҮЛ РЕТТЕ БАСЫМДЫҚ – ПОЙЫЗ ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ УЧАСКЕЛЕРГЕ БЕРІЛЕТІН БОЛАДЫ»

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

СИАНЬ ҚҰРҒАҚ ПОРТЫНАН ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚЫТАЙ – ЕУРОПА БАҒЫТЫНА

5 000

АСТАМ ПОЙЫЗ ЖӨНЕЛ-ТІЛІП, ТАРИХИ РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ ОРЫН АЛДЫ.

2025 ЖЫЛДЫҢ ЖОСПАРЫНДА ЕЛІМІЗ БОЙЫНША

31

ВОКЗАЛҒА АҒЫМДЫҚ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ.

ЕКІ ЖЫЛ ІШІНДЕ ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА РЕЛЬС ТАСЫМАЛДАЙТЫН

10

ЖОЛЖӨНДЕУШІ ЖЕДЕЛ-КӨЛІГІ САТЫП АЛЫНБАҚ.

Көшбасшы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗЫ

ҚТЖ-ның «Жас темір» бағдарламасы арқылы Астана станциясының пойыз қабылдаушысы Бейбарыс Елеусізов «XXI ғасыр көшбасшысы» халықаралық байқауының жеңімпазы атанды. Оның жұмысы барлық талапқа сай деп танылып, жастар саясатының дамуына қосқан үлесі және қоғамдық істерге белсенді атсалысқаны үшін жүлделі марапатқа ие болды.

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Байқауды «Жаңа Қазақстан» республикалық инновациялық орталығымен бірге «Bilim-orkenieti» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырды. Ұлытау облысы Жезқазған өңірінің тумасы Бейбарыстың «Жас темір» бағдарламасы бойынша теміржолда жұмыс істеп жүргеніне алты ай болыпты.

– Жастар саясатын жүзеге асырумен 2019 жылдан бері айналысып келемін. Былтыр Халықаралық гуманитарлық көлік университетін тәмамдап, осы бағдарламаға өтініш беріп өткен едім. Содан бері Астана станциясында пойыздар қабылдаушысы болып еңбек етіп келемін. Студент кезімнен

қоғамдық істерге белсенді араласамын. Аманат партиясы «Жастар қанатының» белсенді мүшесімін. Сайлау науқандары кезіндегі жұмыстарға, «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатыстым. Волонтерлік жұмыстармен де өте көп айналысамын. Осы іс-шараларға қатысқаным туралы сертификаттарым мен марапаттарымды аталған байқауға ұсындым. Халықаралық байқауда жеңімпаз атанам деп ойлаған жоқпын әрине, дегенмен өте қуаныштымын. Бұл жерде сертификаттарыңның бәріне нақты дәлелдер керек болды. Сол талаптардың бәріне сай жұмыстарымды лайықты деп бағалады, – дейді Бейбарыс Ержанұлы.

Бейбарыстың ата-анасының бірі металлургия болса, бірі фабрикада жұмыс істейді,



яғни нағыз еңбек адамдарының әулетінде тәрбие алған.

– «Жас темір» бағдарламасы 1,5 жылдық жоба. Жоба біткеннен кейін де жұмысымды осында жалғастыра беремін. Менің міндетіме – вагондардың сақталуы мен жеткізілуін қамтамасыз етіп, оның құжаттары мен барлық талаптарға сай екеніне көз жеткізіп қабылдау, келесі станцияларға бүтін дұрыс күйде жеткізуді қадағалау кіреді. Жұмысым өзіме ұнайды, – дейді жас теміржолшы.

Суретті түсірген автор

В СООТВЕТСТВИИ СО СПЕЦИФИКОЙ



Любовь РОВБА,
Астана

Рекрутеры компании посетили производственный блок центра: отдел расшифровки дефектограмм, комплексного анализа и лаборатории средств диагностики пути, осмотрели мобильный диагностический комплекс (МДК), мобильные диагностические лаборатории (МДЛ), наблюдали за работой операторов дефектоскопных тележек, побеседовали с заместителем директора центра Русланом Альжановым и менеджером группы по работе с персоналом Меруерт Нуркановой. – Специфика работы нашего филиала узкая. Ни один вуз не



готовит специалистов, которые нам нужны. К примеру, есть такие позиции, как менеджер-расшифровщик, менеджер комплексного анализа, это не путеец, не движенец, он больше должен быть айтишником. Со стороны мы никого не принимаем, стараемся выбирать

наиболее профессиональных работников из ПЧ, ПЧЧ, депо, ПТ-блока, в процессе работы обучаю, – рассказывает Руслан Альжанов. – С появлением новых высокотехнологичных средств диагностики появились и новые профессии. Так, водителю МДЛ необходимо иметь

не только права категории В-С, но и права машиниста. Пока эта вакансия у нас открыта. В основном штат МДЛ почти сформирован.


Менеджеры по поиску и подбору персонала отметили для себя моменты по поиску новых кадров рабочих и инженерных специальностей, которые будут необходимо доработать в будущем, в том числе вопрос добавления специальности машиниста-водителя в квалификационные требования.

– Ваша заинтересованность помогает всем вместе работать над общей задачей по укомплектованию нашего штата квалифицированным персоналом. Надеемся найти нужных специалистов, полностью соответствующих требованиям вакансии и специфике нашей работы, – отметила менеджер группы по работе с персоналом центра Меруерт Нурканова, поблагодарив рекрутеров за визит.

Фото Александра ЖАБЧУКА

КӨПІР ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

 **Ардақ ҮСЕЙІНОВА,**
Жамбыл



Тараз қаласындағы Абай даңғылының бойынан темір жол үсті арқылы өтетін көпірдің құрылысы басталды.

Шойын жол Тараз шаһарын екіге бөліп жатыр. Темір жолдың арғы жағы мен бергі жағын байланыстырып тұрған жалғыз жол – жер асты өткелі болатын. Таңертеңгі және кешкі уақытта ұзын-сонар кептеліс түзіліп, тұрғындарға қолайсыздық туғызып келген. Міне, көпшіліктің көпір салынса деген тілегі орындалатын кез келгендей.

Абай даңғылының теміржол үсті арқылы өтетін жол өткелі мен жаяу жүргіншілер өткелінің құрылысы жобасының жалпы құны 16,9 миллиард теңгені құрайды. Құрылысты бастау үшін 60 нысан мемлекет мұқтажы үшін жекеменшіктен қайтарылып алынуда. Осы мақсатта арнайы тәуелсіз комиссия құрылып, 56 нысанға қайта бағалау жүргізілген болатын. Жер учаскелерін сатып алу құны 1,84 миллиард теңге деп белгіленді. Бүгінге дейін 39 меншік иесі келісімін беріп, тағы бірсыпырасымен келіссөздер жүргізілуде.

Абай даңғылының бойындағы көптен күткен көпір құрылысының басталғаны қала тұрғындарын қуантып отыр. Көпір пайдалануға берілгенде тұрғындар темір жолдың арғы бетіне айналма жол арқылы бармай-ақ, жаңа көпірмен қатынайтын болады. Бұл жобаны жүзеге асыру – қала инфрақұрылымы үшін өте маңызды қадам.

РАМАЗАН АЙЫНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ

 **Ұлан ОРАЗ,**
Астана



Рамазан айында ҚТЖ пойыздарында жолаушыларға құрма мен су тегін ұсынылуда. Ұлттық тасымалдаушы бұл әрекетімен ауыз бекітіп, ораза ұстағандардың алғысына бөленуде.


Сонымен қатар вагон-мейрамханалардың жұмысы Ораза ұстаушыларға ыңғайлы болу үшін арнайы кестеге көшкен. Мейрамханалар күн сайын 08:00-ден 00:00-ге дейін жұмыс істейді, ал сәресі уақытына орай 04:00-ден 05:30-ға дейін ашық болады. Бұл жолаушыларға таңғы асты уақытылы ішуге мүмкіндік береді.

Ораза ұстаған жолаушылар үшін 18:00-ден 20:00-ге дейін вагон-мейрамханалардағы тағамдарға 10% жеңілдік қарастырылған. Сондай-ақ ауызашар уақытында жолаушыларға су мен құрма тегін ұсынылады.

Ұлттық тасымалдаушы барлық жолаушыларды өзара құрмет пен түсіністік танытуға, пойыз ішіндегі тазалықты сақтауға және денсаулықтарына мұқият қарауға шақырады. Жолға шықпас бұрын денсаулық жағдайын тексеріп, дәрігерден кеңес алу ұсынылады. Компания барша мұсылман қауымын қасиетті Рамазан айымен шың жүрекпен құттықтап, рухани кемелдік пен амандық тілейді.

СЕНБІЛІК ӨТКІЗДІ

 **Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда



Құрметті теміржолшы Арғын Орымбаев басқаратын Қазалы вагон пайдалану депосының қызметкерлері жылдағы дәстүрмен экоайлықты бастап кетті.



Өткен аптада депоның жұмысшы-қызметкерлері ұйымдасқан түрде сенбілікке шығып, өздеріне бекітілген аймақты тазартты. Теміржол желілерінің қауіпсіз әрі таза болуы тек жолаушылар мен жүк тасымалы үшін ғана емес, жалпы аймақтың экологиялық жағдайына да тікелей әсер етеді. Осыны жақсы түсінетін теміржолшылар тек наурызда емес, өздеріне бекітілген аумақты үнемі күтіп ұстап, тазалық шараларын ұдайы ұйымдастырады.

– Депо теміржолшыларының жылдағы үрдісі бойынша биыл да тазалық жұмыстарына ұжымдар жүздырықтай жұмылып кірісіп кеттік. Бұл жолғы сенбілікке қатысқан 20 теміржолшы күрек, айыр, тырма, қап, қолғап, т.т. арнайы құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп, аумақты күл-қоқыстан тазартты. Жиналған қалдықтар арнайы көлікке тиеліп, қоқыс полигонына жөнелтілді. Бұл жұмыстардың барлығы – қоршаған ортаны таза ұстауға деген ұжымдық жауапкершіліктің айқын белгісі. Сенбілік ұжымдық рухты нығайтуға да үлкен септігін тигізеді. Ортақ мақсатқа бірігу, тазалық жұмыстарын бірге атқару әріптестер арасындағы қарым-қатынасты жақсартып, жұмысқа деген жауапкершілікті арттыра түседі. Әрбір сенбілік барысында қызметкерлер тек еңбек етіп қоймай, өзара аралас-құралас тату-тәтті орта қалыптастырады. Сенбілік кезінде теміржол маңы мен станция аумағы қоқыстан тазартылды, жасыл желек күтімге алынып, жаңа ағаштар отырғызылды, платформалар сырланып, абаттандырылды, – дейді ұжымдастары алдында есеп беріп, цехком төрағалығына бірауыздан сайланған Бақытжан Ибраимов.

Суретті түсірген автор



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

АҚИҚАТҚА АЙНАЛҒАН АРМАН

Павлодар жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Ерейментау айналым депосының электровоз машинисі Қуат Жәкенов – теміржолшылар әулетінің өкілі. Жиырма жылға жуық еңбек өтілі бар тәжірибелі машинист өз мамандығын жоғары бағалайды, бұл кәсіби біліктілік пен жауапкершілікті талап ететін борышты міндетім деп біледі.

 **Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Астана

«Ұяда не көрсек, ұшқанда соны ілерсің» дейді халық даналығы. Бұл сөз дәл Дәлелқайраттың ұлы Қуатқа қаратыла айтқандай. Оның ес білгеннен білетіні, арғы атасы, өз атасы, әкесі темір жолда жұмыс істеді. Оның да бала кезден арманы аталар салған жолды жалғастыру болды.

– Арғы атам бронепойыздың паровоз машинисі болды, атам тепловоз машинисінің көмекшісі, әкем алдымен тепловоз, кейін электровоз жүргізді, әкемнің інілері де машинистер мен көмекші машинистер, үлкен ағам тепловоз машинисі, әпкем осы айналым депосында шұғыл-техникалық есеп орталығының операторы, жиенім

электровоз машинисі... осылай кете береді. Біздің әулеттің кәсібі осы машинист мамандығымен тығыз байланысты болып тұр ғой, – дейді Қуат.

Бала күнгі арманын ақиқатқа айналдыруға асыққан жас жігіт мектеп бітірісімен Қазақ жол қатынастары университетіне оқуға түседі. Оны бітірген соң тепловоз машинисінің көмекшісі болып еңбек жолын бастайды. «Бұл менің тәжірибелі әріптестерімнен кәсібімнің негіздерін үйреніп, меңгерген шағым» еді деп еске алады сол күндерді кейіпкеріміз.

Электровоз машинисі жұмысы техникалық білімді ғана емес, сондай-ақ оқыс жағдайларда тез шешім қабылдауды қажет ететін белгілі. Машинистер пайымынша, бір күннен екінші күн ерекше,



алдында не күтіп тұрғаны белгісіз, сондықтан кез келген күтпеген жағдайларға дайын болу керек, бұл кестенің өзгеруінен бастап, техникалық ақаулықтарға дейін болуы мүмкін.

– Машинист көмекшісімен жұптасып жұмыс істейміз. Сапардың тиімді және қауіпсіз болуы біздің бірге жұмыс істеу үйлесімділігімізге байланысты. Әрбір сапар алдында локомотивті мұқият тексеріп шығамыз, жүйелердің жұмысын сүзгіден өткіземіз. Өйткені біз жолаушылар мен жүк қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жауапкершілігімізді бір сәт те естен шығармаймыз, – дейді машинист өз жұмысы туралы. Қуат Жәкенов әріптестері

арасында беделді жан. Ол өз тәжірибесімен бөлісуден ешқашан бас тартқан емес. Біліктілігі мен білімі, азаматтығы мен адамгершілігі арқасында ұжымына сыйлы.

– Қуатпен жұмыс істеу барлық жағдай тігісінен жатады деген сенімділікті ұялатады. Ол өз ісінің нағыз маманы. Оның үнемі білімін жетілдіріп, ізденісте жүретіні мақтауға лайық. Жұмыс барысында бірнеше рет басшылық тарапынан марапатталды, – дейді Ерейментау айналым депосының бастығы Данабек Айдынбаев.

Ал Қуаттың өзіне келсек, ол мамандығы қиын да күрделі және жауапкершілігі зор екеніне қарамастан, өмірін темір жолсыз елестете алмайтынын айтады. «Әркез басқару пультіне отырғанымда, өз орнымды тапқанымды сезінемін. Бұл мен үшін жай ғана жұмыс емес, бұл менің өмірім. Мен пойыз рельсті жүріп өткен сайын, жылдамдықты сезінемін. Бәлесіз бе, бұл – бір мезеттегі еркіндік пен жауапкершілік сезімі. Оның үстіне, теміржолшы әулетінің дәстүрін жалғастыру да мен үшін үлкен мақтаныш. Бауырлар арасындағы әңгіме де ортақ. Біз расында үлкен бір машинистер отбасымыз, – деп ой түйіндейді кейіпкеріміз.

Суретті түсірген автор

ЖҮК КӨЛЕМІН АРТТЫРУҒА МҮДДЕЛІ



Атырау жүк тасымалы бөлімшесі Компания басшылығы алға қойған міндеттерді жүзеге асыру және бекітілген жоспарларды орындау мақсатында ауқымды жұмыстар атқарып келеді.

 **Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Былтырғы жұмыстарды саралағанда ең алдымен өндірістік жарақаттануға жол берілмеді. Сондай-ақ залалсыз тасымалданатын жүктердің сақталуы қамтамасыз етілді, жүк тиеу жоспары 103,9% орындалды. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, өрт-техникалық минимум бойынша оқытуды жүргізе отырып, қызметкерлердің біліктілігі арттырылды, электр энергияны 2 565,05 мың шаршы/сағ немесе 41%-ға үнемдеуге көл жеткізілді, ал штаттың нақты мазмұны 100% жоспарға сәйкес келеді.

«2024 жылға қойылған ағымдағы мәселелерді шешуге байланысты Теңдік, Қарабатан, Сағыз, Доссор, Ескене, Жамансор, Аққыстау, Сазанқұрақ станциялары бойынша ақпараттық жүйеге станция-торап АСУ бағдарламалары енгізілді», – дейді өндірістік-техникалық бөлім бастығы Әзиз Айжарықов. Сондай-ақ Мақат кентіндегі Мақат локомотив депосының 23 тұрғын үйінің коммуналдық желілерін жергілікті атқарушы органның балансына беру мәселесі шешілді. Мақат ауданы әкімінің ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-беру актісіне сәйкес

жергілікті атқарушы органға өтеусіз беру жолымен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің мүлкі, соның ішінде автомобиль жолдары, трансформаторлық қосалқы станциясы, электрмен жабдықтаудың инженерлік желілері, сумен жабдықтау, газбен жабдықтау торабы берілген. Бұл оларды күтіп-ұстау мен салық мәселелеріне оңтайлы ықпал етеді.

Бөлімше биылғы жылы да алдына келелі мақсат-міндеттер қойып отыр. Атап айтқанда, ол – ең алдымен қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу деңгейін төмендету, дизель отынының үлестік шығынын төмендетуге қол жеткізу және жүк тиеу деңгейіне арттыру. Жүк жөнелтушілер биыл жүк көлемін арттыруға мүдделі. Болжал бойынша Теңдік станциясынан жүк жөнелтуші «Батыс Транс Групп» ЖШС мұнай өнімдерінің (бензол, параксиол, мазут, кокс, автобензин, дизель отыны, реактивті отын, газойл) жалпы көлемін 4 млн 418 мың 750 тонна немесе орташа тәуліктік 12 106 тоннаға және химиялық заттарды 276 723 тоннаға немесе орташа тәуліктік 758 тоннаға жеткізуді, Қарабатан станциясы бойынша жүк жөнелтуші «Теңіз Көлік компаниясы», «Исткомтранс» ЖШС түйіршіктелген күкірттің көлемін 1 969 097



тоннаға немесе тәулігіне орта есеппен 5 394 тоннаға жеткізуді, «Ртсхолдинг» ЖШС 338 329 тонна көлемінде полипропилен тасымалын тәулігіне орта есеппен 1 798 тоннаға жеткізуді, ал Құлсары станциясы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС 1 млн 424 мың 693 тонна көлемінде мұнай өнімдерін (пропан-бутан, мұнай, күкірт) немесе тәулігіне орта есеппен 3 903 тоннаға, 2 млн 691 мың 162 тонна химикаттар немесе орташа 7 373 тонна, 1 млн 524 мың 552 тонна шикі мұнай тасымалдауға немесе тәулігіне 4176 тоннаға жеткізуді көздеп отыр. Бұлар жүзеге асса, аймақтағы тасымал көлеміне айтарлықтай серпің берері анық. Сонымен қатар бөлімше бойынша ғимараттар мен жылу желілеріне ағымдағы жөндеу жүргізуге 47 млн 444 мың 893 теңге қаралған. Оның ішінде Махамбет станциясы тауар кеңсесінің ғимараты, Ганюшкино, Ақжайық станцияларының әкімшілік ғимараты, Мақат станциясы ЭЦ бірлескен бекеті және техникалық қызмет көрсету пункті, «ГЧЭ-4 Мақат» қызметтік тұрмыстық корпусы ғимаратының су құбыры желілерін ағымдағы жөндеу жұмыстары бар.

Суретті түсірген автор

ӨТКЕЛДЕГІ КЕЗДЕСУ



Жуырда жол дистанциясы мен желілік полиция қызметкерлері бірлесіп автокөліктер қозғалысы жиі өткелдерде жүргізушілермен кездесу өткізді.



– Теміржол өткелі – өте қауіпті аймақ. Одан өтерде қарапайым жол ережесін сақтамау салдары қаншама қауіп-қатерді туындатуы мүмкін. Осы жылдың 16 қаңтарында Алматыда Жетіген – Алтынкөл теліміндегі теміржол өткелінде осындай

себептен жол-көлік оқиғасы тіркелген еді. Мұндай жағдай өткен жылдың соңғы айында Түркістан – Шорнақ күзетпелі теміржол өткелінде де жүк көлігі жүргізушісінің қателігі салдарынан болған болатын. Сондықтан теміржол өткелін-

дегі жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытындағы қауіпсіздік шаралары күшейтіліп жатыр. Дистанция аумағында профилактикалық түсіндіру іс-шараларын өткіздік. Көліктер қатынасы жоғары аумақтардағы автокөлік жүргізушілерімен сөйлесіп, темір жолдан өту ережелерін қайталап, тағы да есіне салдық, – деген Маңғыстау жол дистанциясымның жетекші инженері Мұхтар Кульчанбаевтың айтуынша, түсінік жұмыстары Бекет 13-ст.Шетпе, ст.Шетпе-Бекет 14, Бекет 14-15, 15-16, Бекет 16-Тамак, Тамак-ст. Маңғыстау, ст.Маңғыстау-Бекет «Р», Бекет «Р»-ст.Боржақты, ст.Боржақты-ст.Қарақия, ст.Қарақия-ст.Жетібай, ст.Жетібай-ст. Жаңаөзен аралықтарындағы және ст.Жаңаөзендегі 305, 314, 324, 337, 368, 377, 388, 399, 2, 13, 70, 73, 115, 121, 137, 151, 179, 181-шақырымдарда орналасқан күзетпелі және күзетпелісіз теміржол өткелдерінде жүргізілген.

Суретті түсірген автор

Итоги

НАДЕЖНОСТЬ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРЕВОЗКАМИ

По итогам двух месяцев работы с начала года Юго-восточный региональный центр управления перевозками (РЦУП-2) Алматы занял первое место среди трех региональных центров по выполнению всех ключевых показателей. Выполнено 10 из 10 показателей.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Эксплуатационный грузооборот выполнен на 105,1%, пробег локомотива – на 101,4%, техническая скорость движения поезда – на 101%, производительность вагона – 102,5%. Надо отметить системную работу по повышению квалификации персонала, усиление мер безопасности и внедрение современных технологий, которые способствуют достижению высоких эксплуатационных показателей.

По словам начальника РЦУП-2 Алматы Айдоса Турғалиева, спектр работы центра огромный: выявление узких мест, планирование перевозок, своевременное регулирование маршрутов, а также мониторинг и анализ перевозочного процесса – сбор и обработка данных для повышения эффективности работы железнодорожного транспорта. Немаловажный момент – взаимодействие с другими подразделениями, локомотивными и вагонными



депо, грузоотправителями, координация работы станций, логистических служб и партнеров.

Нельзя не отметить профессионализм диспетчерского аппарата, работа которого требует

огромной отдачи сил, энергии, оперативности и точности действий. А также быстрого реагирования на внештатные ситуации и принятия мер при сбоях, авариях или задержках движения.

– Время, безусловно, показало, что создание РЦУП-2 Алматы стало важным и дальновидным решением, направленным на повышение надежности управления производственными процессами. Благодаря централизованному управлению сотрудники РЦУП-2 могут оперативно реагировать на изменения, обеспечивая бесперебойную работу всех систем, – говорит Айдос Ергалиевич.

РЦУП-2 Алматы существует уже третий год и имеет хорошие отзывы и показатели.

Фото автора

ПРОФЕССИОНАЛЬНО И ЭФФЕКТИВНО

В Костанайском отделении грузовых перевозок подвели итоги февральской отгрузки.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил начальник отдела логистики филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Кенес Дюсекеев, в последний зимний месяц на станциях региона отгружено 31 855 вагонов самых различных грузов.

В среднем в сутки – 1 139 вагонов.

Так, руды железной погружен 12 571 вагон, руды цветной – 8 453, строительных грузов – 132, зерна – 4 896, продуктов перемола – 1 700.

– Начало года всегда сложное в любой отрасли, – говорит Кенес Дюсекеев. – Тем не менее нашим железнодорожникам благодаря самоотверженному труду



удается справляться с новыми задачами и вызовами времени. И цифры отгрузки это подтверждают.

Фото автора

ОТРАБОТАЛИ УДОВЛЕТВОРИТЕЛЬНО



Подводя итоги работы за 2024 год, главный региональный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» на Уральском участке Руслан Давлетов отметил: в границах Уральского и Илецкого участка за 12 месяцев 2024 года нарушений безопасности движения по вине работников компании и дочерних организаций не допущено.

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

В ревизорском аппарате департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ» на Уральском участке (РБ-12) работают семь человек, в том числе пять отраслевых ревизоров. Это дружный коллектив грамотнейших специалистов, умеющих оценивать соответствие текущей деятельности подразделения по обеспечению безопасности движения требованиям законодательства РК и локальных актов компании, а также выявлять и анализировать опасности и риски, угрожающие безопасности движения, с принятием управленческих решений для минимизации возможных ущербов от нарушений безопасности движения.

По словам главного регионального ревизора на Уральском участке Руслана Давлетова, в течение 2024 года ревизорским аппаратом проведено 649 проверок, что на 27 проверок меньше предыдущего года. В их числе 253 внезапные, 354 целевые и 42 ночные

проверки. Выявлено 6 392 нарушения.

В то же время принята 1 251 запретная мера, в 2023 году – 1 128, в том числе приостановлено от эксплуатации 18 специальных самоходных подвижных составов (ССПС), 63 локомотива, 273 грузовых и 49 пассажирских вагонов. Также были закрыты для эксплуатации 51 станционный путь, 92 стрелочных перевода. Установлено ограничение скорости по 204 путям и стрелочным переводам, выключено из централизации 22 пути и стрелки. Помимо этого были отменены 37 комиссионных месячных осмотров (КМО), 173 графика технологического процесса (ГТП) и 50 планово-предупредительных ремонтов (ППР), отставлено 54 прибора и еще 202 другие запретные меры в целях недопущения нарушений безопасности движения.

Ревизорским аппаратом РБ-12 за прошедший год совместно с сотрудниками инспекции транспортного контроля по ЗКО в целях недопущения сходов на подъездных путях по вине сторонних организаций еже-

квартально проводились круглые столы с ветвевладельцами. С ними обсуждались вопросы обеспечения безопасности движения при подаче и уборке вагонов на их пути, текущего содержания подъездных путей, а также соблюдения габаритов приближения строений и выгруженных грузов на их территории. Во время проверок предлагается детально рассмотреть состояние безопасности движения во всех хозяйствах, а по результатам разработать, утвердить и реализовать корректирующие меры, направленные на предотвращение или минимизацию рисков нарушений безопасности движения.

– В целом в границах Уральского и Илецкого участка за 12 месяцев 2024 года нарушений безопасности движения по вине работников компании и дочерних организаций не допущено. Для сравнения – в 2023 году было зарегистрировано четыре случая. Это хорошая тенденция, но терять бдительности нельзя, чтобы сохранить этот уровень, – резюмировал РБ-12 Руслан Давлетов.

НОВЫЕ ИДЕИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ



В Павлодарском отделении грузовых перевозок прошел zoom-семинар по теме «Рационализаторская деятельность – путь к инновационному мышлению на железнодорожном транспорте».

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Мероприятие прошло под председательством главного инженера отделения ГП Каната Рахметова. На семинар были приглашены начальники станций, депо и их заместители, инженеры по безопасности и охране труда, инженеры станций, технические информаторы вагонных и локомотивных депо.

– По Павлодарскому отделению ГП за 12 месяцев 2024 года при плане семь рационализаторских предложений подано семь усовершенствований, внедрение заимствованных из информационных источников технических новшеств при плане восемь выполнение составило восемь, такие же показатели и у издания информационных листов на рационализаторские предложения, – рассказал главный инженер отделения ГП Канат Рахметов.

В ходе семинара он поблагодарил железнодорожников за разработку рациона-



лизаторских предложений, которые значительно улучшили качество работы. Это Даниял Амерканов, Алмаз и Азат Нуртай из ВЧД-16, Канат Балташев и Канат Траиспаев из ТЧЭ-18, Константин Сарсенков и Кайрат Нажмиден из ТЧЭ-19, Анар Молдабаева и Арсен Андасов из станции Павлодар.

Начальник технического отдела Жумира Мукажанова рассказала о реализованных на железной дороге рацпредложениях. В основном они касаются системы энергосбережения, автоматизированных систем управления движением, оптимизации

ремонта и диагностики, альтернативных источников энергии, совершенствования инфраструктуры – модернизация путевого хозяйства, внедрение шумопоглощающих материалов и улучшение логистики.

Начальник центра научно-технической информации и анализа Павлодарского отделения магистральной сети Мурат Смаилов рассказал о порядке внедрения технических новшеств, заимствованных из информационных источников. Так, для этого оформляется акт о внедрении новшества, заимствованного из материалов научно-технической информации и передового производственно-технического опыта. В документе указывается предприятие, которое внедряет рацпредложение, его наименование и основные технические преимущества. Необходимо указать основные технические преимущества, эффективность и фактическую экономию за отчетный период. Кроме того, Мурат Смаилов рассказал о порядке проведения конкурса «Үздік рационализатор».

По итогам работы семинара главный инженер Канат Рахметов дал ряд рекомендаций: активизировать работу по развитию научного творчества, направленного на улучшение изобретательской и рационализаторской работы, довести до сведения работников станций цели по пропаганде и распространению передового опыта. Техническому отделу филиала осуществлять контроль по правильному оформлению документов рационализаторских предложений и предоставлению полного пакета документов.

Фото автора

Паводок

ПОДГОТОВКА К ТЕПЛУ

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Весенний подъем воды не приведет к сбоям в движении поездов.

Обширное таяние снега в весенний период представляет серьезную опасность для движения поездов. На сети КТЖ уже началась подготовка к пропуску весенних паводковых вод. Формируются противоразмывные поезда, ведется заготовка используемых в водоборьбе материалов. На минувшей неделе руководство компании проверило готовность железнодорожной инфраструктуры к весеннему паводку на участке Атырау – Уральск.

Заместитель председателя правления АО «НК «КТЖ» Талгат Алдыбергенов с рабочей поездкой посетил предприятия, дислоцирующиеся в регионах Атырау, Уральск, где провел инспекцию готовности инфраструктуры и персонала к работе в весенний период.

В ходе поездки он осмотрел мосты через проток Сокол, реки Урал и Чаган, оценил формирование противоразмывного поезда на станции Уральск, встретился с руководителями ДЧС.

Также комиссия посетила завод по производству синтетических материалов, вагоностроительный завод и локомотивное депо Атырау.

В рамках рабочей поездки состоялась встреча с представителями департамента по чрезвычайным ситуациям Западно-Казахстанской области, на которой обсуждались меры по предотвращению возможных последствий паводка и обеспечение безопасности движения поездов.

НЕ ДОПУСТИТЬ ПОДТОПЛЕНИЙ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Погода в Восточном Казахстане к середине марта нестабильна, оттепели сменяют снегопады и небольшие морозы, поэтому некоторые работы по противодействию паводкам в Оскеменском регионе пришлось выполнять дважды. Но это не останавливает железнодорожников.

– Мы проводим работу по вскрытию водопропускных труб, – рассказал заместитель директора Семейского отделения магистральной сети Алибек Шуманов. С 9 по 10, а также 11 марта в регионе прошли обильные снегопады. Работу, которую мы провели, пришлось начать заново. Но вскрывать ранее очищенные трубы будет легче, конечно. В настоящее время идет нарезка кюветов. Работает СТРУТ по Алтайскому, Шемонаихинскому участкам, Риддерскому ходу, ВЖУ. Техника у нас имеется, исправно все работает.

По информации Алибека Шуманова, в Оскеменском регионе будет сформировано два противоразмывных поезда. Один – по станции Кумьстау, это крытый вагон со всеми инструментами и материалами, спецодеждой, необходимыми для водоборьбы, шесть платформ, груженных камнями, и один – железобетонными шпалами. Также один крытый вагон с теми же принадлежностями будет дислоцироваться на станции Оскемен-1.

– Планируем по станции Алтай шесть платформ, груженных камнями, и одну платформу с железобетонными шпалами, – продолжил спикер. – По станции Риддер и Шемонаиха разместим по две платформы, груженных камнями. Также платформы с камнями, рельсовыми пакетами и железобетонными шпалами будут дислоцироваться на станции Усть-Каменогорск.

ЗВЕЗДНЫЙ ЛОКОМОТИВ В БИТВЕ ПРОФЕССИЙ

Анна МАРЬИНА,
Илецк



Илецкие железнодорожники приняли участие в карьерном фестивале «Живи и работай в Оренбуржье», где успешно презентовали старшеклассникам профессии железнодорожников.

Это было крупномасштабное мероприятие в рамках работы по профориентации выпускников школ и лицеев, где консультации учащимся школ по выбору профессии провели 11 высших и средних технических заведений города Оренбурга, а также прошли мастер-классы, в которых школьники могли попробовать себя в деле.

Филиал ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» оказал большую помощь в подготовке команды лица «Звездный локомотив», представляющей профессию железнодорожника в кейс-чемпионате «Битва профессий», прошедшего в рамках карьерного фестиваля.

В кейс-чемпионате принимали участие пять школьных команд города Соль-Илецка. Каждая команда с помощью роликов и творческих номеров должна была раскрыть свою профессию так, чтобы заинтересовать максимальное количество зрителей. Профессию энергетика представляла команда СОШ № 4 «220 Вольт», профессию врача – СОШ № 5 «Интернь», военного – школа № 3 «Патриот» и школа № 2 «Творцы перемен» – профессию педагога.

Конечно, учащимися и подколлективами была проделана большая работа, но и шефы – работники предприятий тоже внесли свой вклад. В частности, железнодорожники подобрали подшефному «Звездному локомотиву» форменную одежду, начальник юридического отдела Динара Кулманова собрала необходимую железнодорожную атрибутику, а корпоративный блогер, инженер ТПО-Илецк Рамиля Нуржауова предоставила свои ролики для презентации на сцене. Ребята, представляя профессию железнодорожников, рассказали о железнодорожной династии Муфтеевых-Кульмановых, общий трудовой стаж которой составляет более 150 лет.

По окончании кейс-чемпионата команды получили дипломы и памятные призы.

ЕЛОРДАДА ӨТКЕН ЕКІ КҮН

Әйелдер мерекесі қарсаңында еліміздің әр түкпірінен елордаға арнайы шақырту алған нәзік жандар қатарында Атырау вокзалының электромеханигі Динара Жұмағалиева да болды.



Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты вокзал қызметкері естен кетпес екі күн сыйлаған Астана сапарына дән риза. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевтың қабылдауында болып, «Кәсібі бойынша үздік» төсбелгісін кеудесіне тағып қайтты.

– Астана сапарын асыға күткеніме орай өте әсерлі болды. Өңірлерден келген қонақтарды ЦРКЗ қызметкерлері қарсы алып, қонақүйге

орналастырды. Орталық мұражай, Байтерек, т.б. қаланың көрікті жерлерін аралатып, кешке ауызашарға шақырды. Ертеңіне дирекция басшысы Сәкен Рахметовтің қатысуымен дөңгелек үстел болып, онда дирекция бойынша атқарылып жатқан жұмыстар, жобалар жайы сөз болды. Түрлі сый-сияпат жасалып, «Теміржолшы әйелдер қауымдастығы» медалыоны берілді. Содан соң «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Н.Сауранбаев

«СЕН СҰЛУ» – СЫН САЙЫСЫ

Семей жүк тасымалы бөлімшесінде мәдени-рухани бағыттағы іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Биылғы жылы мұндай шаралардың қатары тіптен мол болмақ. Себебі алда Жеңістің 80 жылдығы мен хакім Абайдың 180 жылдығы сынды атаулы күндер тұр.

Жуырда семейлік теміржолшылар 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі мен алдағы келе жатқан Наурыз мейрамына орайластырып ерекше байқау өткізді. Бөлімшеде қызмет ететін қыз-келіншектер арасында ұйымдастырылған «Сен сұлу» атты сын сайысы барысында қатысушылардың тек сырт сымбаты мен сәнқойлығы ғана емес, өнер-білімі де жан-жақты талқыға түсті.

Салалық кәсіподақ ұйымы ұйытқы болған іс-шараға қазылық етушілер назарынан ештеңе тыс

қалмады. Қазылар алқасы әсіресе қатысушылардың ұлттық нақыштағы киім үлгілеріне, сахна мәдениетін сақтауларына да мән берді. Кәсіподақ белсенділері әзірлеген викториналық сурақтарға жауаптары арқылы білімдері сыналса, ән мен жырға, биге кезек келгенде өнерлерін ортаға салды.

– Теміржолшылар арасында түрлі өнер иелері, қабілетті қарымды жандар жетерлік. Ең бастысы осындай іс-шаралар арқылы оларға қолдау жасау ниетіміз әріптестеріміздің

қабылдап, мерекемен құттықтады. Әр өңірден келген қыз-келіншектерге отбасында амандық, еңбекте жеміс тілеп, марапаттар табыс етті, – дейді Динара.

Динараның жолдасы Жарасқан да теміржолшы. Екеуі 5 бала тәрбиелеп, өсіріп отырған жас отбасы. Динара Агроколледж бен Х.Досмұхамбетов атындағы Атырау университетін экономика мамандығы бойынша бітірген. Бүгінде Атырау вокзалының электронды табло, компьютер құралдары, т.б. цифрландыру бағытындағы жұмыстарға жауапты. «ҚТЖ басшылығының теміржолшы әйелдер қауымын елорда төріне шақырып, ерекше көңіл бөлгеніне ризашылығымды білдіремін. Тіршілік пен берекенің бастауы – аналар аман болсын, ұрпақ өсіп-өне берсін. Бақытты ел болайық!», – дейді ол.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау
Суретті түсірген автор



арасынан зор қолдау табада, – дейді Семей НОД-ЖТ кәсіподақ төрайымы Айгүл Берікболова.

Байқау қортындысы бойынша барлық қатысушылар құрмет грамоталарымен, кәсіподақ ұйымы атынан берілген ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Абай ЕРТІС, Семей

Спорт

ДОСТЫҚ ЖЕНДІ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінде «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы аясында шахмат турнирі ұйымдастырылды. Іс-шара «AMANAT» партиясының бастамасымен, «Магистральдық желі» БПҰ қолдауымен өтті.



Бөлімше ардагерлері мен жастардың басын қосып, олардың тәжірибе алмасуына, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға бағытталған спорттық шараға Қызылорда облысының аға жаттықтырушысы Риза Қошқарова төрағалық етті.

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры, «Магистральдық желі» БПҰ төрағасы Ербол Сәулебеков қатысушыларды құттықтап, бұл турнирдің маңыздылығына тоқталды. Ол ардагерлер мен жастардың осындай бірлескен шараларда кездесуі – өзара тәжірибе алмасудың, бір-бірінен үйренудің тамаша мүмкіндігі деген ол ойыншыларға сәттілік пен жеңіс тіледі.

Шахмат турнирі өте тартысты өтті. Ардагерлер өздерінің өмірлік тәжірибесі мен ақыл-ой кеменгерлігін көрсетсе, жастар өздерінің жылдамдығы мен стратегиялық ойлау қабілетін дәлелдеді.

Шаршы тақтадағы жарыс нәтижесіне орай ардагерлер мен жастарды бөлек-бөлек марапаттау жасалды. Ардагерлер тобының арасынан Әділ Мәмбетов 1-орын, Марат Шайжан 2-орын, Тұрақбай Қалиев 3-орын иеленіп, кәсіподақ ұйымының бағалы сыйлығына диплом, құбоққа ие болды. Ал жастар арасында 1-орынды Берік Өмірзақов, 2-орынды Әлихан Батырхан, 3-орынды Анаркүл Қарымсақова қанжығалады. Сондай-ақ ардагер-теміржолшы Айдар Мұстафаев пен жас маман Қуаныш Мәмбетов турнирге белсене қатысқаны үшін арнайы марапатталды.

– Бүгінгі шахмат турниріне қатысып, жұлделі орынға іліккеніме өте қуаныштымын. Шахмат тек ойын ғана емес, ол сабырлық пен стратегиялық ойлау қабілетін дамытатын спорт. Бүгінгі турнирде әрқайсымыздың мақсатымыз жеңіске жету болды, бірақ ең бастысы өзара сыйластық пен достықты нығайту десек, ол мақсатымызға жеттік деп ойлаймын, қысқасы достық жеңді, – дейді турнир жүлдегері Анаргүл Қарымсақова.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

ЗАЩИТА, НАПАДЕНИЕ, БРОСОК

На стадионе «Локомотив» прошло первенство по баскетболу среди железнодорожников на призы Карагиндинского филиала ОО «Казпрофтранс».

В спортивном мероприятии приняли участие пять команд: ПЧ-24, узел Балхаш, ТЧЭ-15 Жанаарқа, ТЧЭ-14 Караганда, НОДПТ-4 Караганда.

По традиции перед соревнованием выступил председатель Карагиндинского филиала ОО «Казпрофтранс» Яхия Алымусин. Он пожелал игрокам успехов в предстоящем соревновании.

– На сегодняшний день многие железнодорожники увлекаются



баскетболом, так как по динамичности и зрелищности он с успехом конкурирует с футболом. В баскетбол играют и взрослые, и дети. Этот вид спорта дает активную и динамичную нагрузку, – говорит инструктор по спорту Карагиндинского филиала ОО «Казпрофтранс»

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ЖАЛАУЫН КӨТЕРДІ

Наурыз мерекесі қарсаңында өңірлерде ұлттық спорт түрлерінен жарыс жалауы желбіреді. Ақтөбелік теміржолшылар тоғызқұмалақ, асық ату, қол күресі мен арқан тартудан жарыс өткізді.



Ақтөбе бөлімшесіне қарасты станциялар мен теміржол мекемелерінен келген 80-нен астам теміржолшы-спортшылар арасында өткен ұлттық ойындар ерекше көңіл күймен басталды. Жігіттер блек күші сыңға түскен бәсекеде барын салды. Өңкей мығым, білекті теміржолшылардың осалы болмады.

«Теміржолшылар арасында ұлттық ойын түрлерінен өтіп жатқан сайыс ұлттық спорттың дамуы мен ұлттық қандылықтардың кеңінен насихатталуына тамшыдай болса да үлес деп есептейміз. Бүгін мықтылығын көрсеткен команда ҚТЖ чемпионатына қатысады», – деді спорт нұсқаушысы Нұргүл Батырхан.

Тоғызқұмалақ ойынынан ерлер арасында 1-орынды ПЧ-5 еншілесе, қыздар арасында ТЧЭ-5 Қандыағаш командасының ойыншылары алдына жан салған жоқ.

Ал асық ату бойынша 1-орынды Қандыағаштан ДС командасы үздік атанып, қыздар арасындағы бес тас ойынында техникалық бөлімнен Гүлшат Бижанова жеңіске жетті.

Қол күресінен 80+ және 80 келі салмақтары бойынша шалқарлық теміржолшылар Айдын Мисеналин мен Алтынбек Насанбаев алдына жан салмады. 65+ және 65 келі салмақтарымен шыққан шалқарлық Әсел Жұмағұлова мен техникалық бөлімнен Гүлшат Бижанова жеңімпаз атанды.

Арқан тарту ойыны бойынша 1-орынды ПЧ-3 Шалқар, 2-орынды ПЧ-8 Шалқар, 3-орынды Қандыағаш әскерилендірген күзет мекемесі иеленді. Жұлделі орындарға ие болған теміржолшылар ҚТЖ чемпионатына жолдама алды.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

ЕСТЬ ТАКАЯ ПРОФЕССИЯ



За 41 год профессиональной деятельности старший осмотрщик-ремонтник вагонов Екибастузского эксплуатационного вагонного депо Татьяна Трухина воспитала целую плеяду железнодорожников в своей сфере. И сегодня продолжает работать на любимой стальной магистрали, обеспечивая безопасность движения железнодорожного транспорта.

Не раз сказано и не раз написано о том, что профессия осмотрщика-ремонтника вагонов – это далеко не женская профессия, но когда сложности останавливали женщин? Для Татьяны Трухиной – это, скорее, вызов преодолеть трудности, тем самым показывая пример для молодых специалистов.

– Профессия тяжелая для женских хрупких плеч, но где легко? Преодолевая сложности на пути, мы закаляем себя как физически, так и морально. В нашей работе важно быть внимательным, от нашего зоркого глаза зависит безопасность движения на железной дороге, – начинает нашу беседу Татьяна Николаевна. – В Екибастузском эксплуатационном вагонном депо работаю с 18 лет, окончила Екибастузский политехнический колледж по специальности «техник-ме-

ханик по ремонту подвижного состава». Прошла стажировку, после получила 2-й и 3-й разряды. Окончила трехмесячные курсы по подготовке осмотрщиков-ремонтников. И по сей день работаю на одном месте.

За 41 год Татьяна Трухина ни разу не сожалела о том, что с течением времени не поменяла профессию. Железная дорога ей интересна, как и в первый рабочий день, когда она, будучи совсем молодой и неопытной, решила освоить такую сложную специальность. Примером ей служила сестра Елена, которая тоже работала на стальной магистрали.

– Когда за плечами был уже опыт, начала заниматься подготовкой молодых специалистов, многие из них стали моими коллегами, – делится секретами о том, как не выгореть на работе Татьяна Николаевна. – Конечно, были разные случаи

и форс-мажорные ситуации. К примеру, сход подвижного состава. Это всегда стресс. Переживаешь, доехали вагоны целыми или нет.

Татьяна Трухина воспитала двоих детей, сейчас она бабушка – внук и двое внучек. В свободное время она любит проводить за грядками любимого огорода, лучший отдых для нашей героини – это выезд на природу.

– У меня есть дачный участок – моя отдушина от жизненных проблем. Растоплю печь, попью чай и сразу разгружаюсь от тяжелых мыслей. Люблю с друзьями выезжать на пикник. Один день, проведенный на природе с близкими людьми, заряжает энергией, и ты снова готов покорять мир, – с улыбкой резюмирует Татьяна Николаевна.

Айдана ЕРТАЙ
Фото автора

заняла команда ТЧЭ-15 Жанаарқа, второе – НОДПТ-4 Караганда и первое – ТЧЭ-14 Караганда.

Также были представлены победители по 4 номинациям: «Лучший форвард» команд. Им стал Макажанов Есимжан, машинист тепловоза ТЧЭ-15, «Лучший разыгрывающий защитник» – Арман Жакупов, машинист ТЧЭ Балхаш, «Лучший атакующий защитник» – Төлеубек Кусаинов, осмотрщик вагонов ВЧД-13, «Лучший разыгрывающий игрок» – Арғын Құдабаев, мастер ПЧ-24.

По окончании мероприятия победители и призеры первенства были награждены кубками, медалями и ценными призами от Карагиндинского филиала ОО «Казпрофтранс».

Светлана МОГАЙ, Караганда
Фото автора

ЖЕЛЕЗНЫЙ ПРИМЕР

Пенсионер Актауского морского порта Нурмак Букаев стал чемпионом Казахстана по пауэрлифтингу.



Чемпионат Казахстана по классическому и экипировочному жиму штанги лежа прошел с 1 по 7 марта в Шымкенте.

65-летний спортсмен, который проработал в компании 22 года водителем, активно выступает на соревнованиях. На первенстве Казахстана по пауэрлифтингу он завоевал чемпионский титул. Соревнования прошли с 1 по 7 марта в Шымкенте и собрали спортсменов со всей страны.

Нурмак Букаев, чей вес составляет 95 килограммов, сумел поднять 107,5 килограмма, тем самым завоевав звание чемпиона страны. Эта победа не только принесла ему золотую медаль, но и открыла путь к международным соревнованиям – теперь он представит Казахстан на чемпионате Азии в Гонконге и

чемпионате мира в Норвегии. – Я рад, что смог достойно выступить и показать хороший результат. Спорт всегда был важной частью моей жизни, и эта победа – еще одно доказательство того, что возраст не является преградой для новых достижений, – отметил чемпион.

Поднятием штанги Нурмак Букаев увлекается с 2012 года на базе спортивного зала в АО «НК «АММТП». Со временем он стал выжимать достойные показатели и выступать за компанию. Тренируется спортсмен под руководством Ахата Идрисова. Благодаря его наставлениям он стал золотым призером на прошедшем в конце января текущего года областном чемпионате.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНҰЛЫ
Фото автора

КАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

КАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87,
60-44-88, 60-44-92

Басылымның таралымы 11 415
Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Жауапты хатшы
Ерболат Тілеубергенов,
тел.: +7 702 5795768

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,
автомобиль, әуе және су көлігі»
қызметкерлерінің қасиеті одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өзгертсе басы үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Жамбыл: Ардақ Ұсейінова 8-777-667-26-20
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде № 601 тіркету куәлігі берілді.